

**Қызылорда медициналық жоғары колледжі жалпы жиналысының  
ХАТТАМАСЫ №4**

Қызылорда қаласы

02.04.2026 жыл.

**Жиналыстың төрайымы:** Ж.А.Калмакова  
**Комплаенс офицер:** А.О.Танбаева

**Өткізілген орын:** Кәсіпорынның мәжіліс залы.

**Қатысқандар:** Кәсіпорын қызметкерлері.

**Күн тәртібінде:**

1. Сыбайлас жемқорлықтық алдын алу.

**Тыңдалды:**

**Жиналыс төрайымы Ж.А. Калмакова:** Құрметті әріпестер. Бүкіл әлем сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізуде. Біздің елімізде де бұл дертпен күресіп келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін арнайы органдар құрылған және бірқатар нормативтік актілер қабылданған.

**Комплаенс офицері А.О. Танбаева:** Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қайсын болмасын да қатты алаңдататыны айқын.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы — адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі..

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі

ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Мамандар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары үнемі бақылауға алынған. Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұданда биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту — әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Басқа сұрақтар болған жоқ.

Жоғарыдағылардың негізінде жалпы отырыс

### ШЕШІМ ЕТТІ:

Сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерге барған қызметкерлерге қатаң шара қолданылсын.

Жиналыс төрайымы

Ж.А.Калмакова

Жиналыс хатшысы

А.О.Танбаева



**Қызылорда медициналық жоғары колледжі жалпы жиналысының  
ХАТТАМАСЫ №5**

Қызылорда қаласы

04.05.2026 жыл.

**Жиналыстың төрайымы:** Ж.А.Калмакова  
**Комплаенс офицер:** А.О.Танбаева

**Өткізілген орын:** Кәсіпорынның мәжіліс залы.

**Қатысқандар:** Кәсіпорын қызметкерлері.

**Күн тәртібінде:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар мен сыбайлас жемқорлықтың түрлері;

**Тыңдалды:**

**Жиналыс төрайымы Ж.А. Калмакова:** Құрметті әріпестер. Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңы Сыбайлас жемқорлыққа келесі анықтама береді-бұл "мемлекеттік функцияларды орындайтын адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды заңда көзделмеген қабылдауы не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, сол сияқты осы адамдарды жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы сатып алуы".

Пара деген не? Бұл лауазымды адамның басқа тұлғадан өзі атқаратын лауазымына байланысты қандай да бір қызметтер көрсетілетін ақша немесе өзге де игіліктер алуы. Бұл ретте аталған ақша мен игіліктерді әрдайым пара алушы ала алмайды, көбінесе олар оған жақын адамдарға немесе жалған ұйымдарға берілуі мүмкін. Пара болуы мүмкін:

Заттар - ақша, оның ішінде валюта, банктік чектер және бағалы қағаздар, бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомашиналар, пәтерлер, саяжайлар және қала сыртындағы үйлер, Тамақ өнімдері, тұрмыстық техника мен аспаптар, Басқа да тауарлар, жер учаскелері және басқа да жылжымайтын мүлік.

**Сөз кезегі комплаенс офицері А.О. Танбаеваға берілді.** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл:

1. заңдылық;
2. адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
3. жариялылық пен ашықтық;
4. мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;
5. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
6. сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
7. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу;
8. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттер**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына кол жеткізу мынадай:

1. қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;
2. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
4. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
5. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

**Сыбайлас жемқорлық түрлері**

- **Жүйелік сыбайлас жемқорлық** — жүйеге айналған ұйымдасқан сыбайлас жемқорлық (құрылымдық элемент) - ұйымдасқан қазынашылық (бюджетті "кесу"), бопсалау және жүйелі қосымша табыс.
- **Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық** қарапайым азаматтар мен шенеуніктердің өзара әрекеттесуінен туындайды. Оған азаматтардың түрлі сыйлықтары мен лауазымды тұлғаға және оның отбасы мүшелеріне көрсетілетін қызметтер кіреді. Непотизм (непотизм) де осы санатқа жатады.
- **Іскерлік сыбайлас жемқорлық** билік пен бизнестің өзара әрекеттесуі кезінде пайда болады. Мысалы, экономикалық дау туындаған жағдайда, Тараптар өз пайдасына шешім шығару үшін судьяның қолдауына жүгінуге тырысуы мүмкін.
- **Жоғарғы биліктің сыбайлас жемқорлық** (Гранд-сыбайлас жемқорлық, Гранд-сыбайлас жемқорлық, ағылш. Grand corruption) демократиялық жүйелердегі саяси басшылық пен Жоғарғы соттарға жатады. Бұл билікте тұрған топтарға қатысты, олардың жосықсыз мінез-құлқы саясатты өз мүдделері үшін және сайлаушылардың мүдделеріне зиян келтіруден тұрады.

## И. П. Липрандидің жіктелуі бойынша сыбайлас жемқорлық түрлері

1. Лихоимство (қазынашылық), оның қоғамдық қауіптілігі тек мемлекеттік қаражатты ұрлауда ғана емес, сонымен бірге халықты бүлдіруде де.
2. Бопсалау.
3. Пара беру.
4. Липранди жоғары лауазымды тұлғалардың қарызға батуы, одан әрі несие берушілерді "кіріс лауазымдарына" тағайындау деп түсінген күміс махаббат.
5. Өз еркімен "жылы лауазымдарға" қажетті адамдарды жоғары дәрежелі тағайындау.
6. Кепілге беру сатып алу және мердігерлік параның нұсқасы ретінде өзінің жылжымайтын мүлкін және жерін нарықтық емес пайызбен.
7. Акционерлік қоғамдарға капитал жарнасынсыз кіру.
8. (Жоғары) шенеуліктердің саяси және коммерциялық ақпаратты жеке мақсатта пайдалануы.
9. Қызметтік жағдайды теріс пайдалану: өзін-өзі басқару, билікті асыра пайдалану, биліктің әрекетсіздігі және басқалары, соның ішінде табыс әкелмейді, тек өзін-өзі сүюді қанағаттандырады және шенеуніктің мәртебесін (ықпалын) дәлелдейді.

Басқа сұрақтар болған жоқ.

Жоғарыдағылардың негізінде жалпы отырыс

### ШЕШІМ ЕТТІ:

Сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерге барған қызметкерлерге қатаң шара қолданылсын.

Жиналыс төрайымы

Жиналыс хатшысы



*Ж.А.Калмакова*

Ж.А.Калмакова

*А.О.Танбаева*

А.О.Танбаева

**Қызылорда медициналық жоғары колледжі жалпы жиналысының  
ХАТТАМАСЫ №6**

Қызылорда қаласы

12.06.2026 жыл.

Жиналыстың төрайымы: Ж.А.Калмакова  
Жиналыстың хатшысы: А.О.Танбаева

Өткізілген орын: Кәсіпорынның мәжіліс залы.

Қатысқандар: Кәсіпорын қызметкерлері.

**Күн тәртібінде:**

1. Сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету;
2. Қызметкерлердің қызметтік әдеп мәселесі;

***Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша:***

**Тыңдалды:**

**Жиналыс төрайымы Ж.А.Калмакова:** Құрметті әріптестер. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу онымен күрес жүргізу еліміздегі басты проблемалардың өзектісі болып отыр. Қанша мемлекеттік қызметшілер пара алу кезінде құрықталып, темір торға камалуда. Жемқорлықпен күрес жүргізу үшін мемлекеттік органдармен түрлі шаралар ұйымдастырылып, алдын алу шаралары қатаң бақылауға алынды.

Қылмыстық, әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстерде сыбайлас жемқорлық бойынша жаза түрлері бектілген. Өркендеген елдердің қатарына қосылу, ұрпақ болашағының жарқын болуы үшін бұл індеттің алдын алу баршамыздың азаматтық борышымыз деп есептеймін.

Сонымен қатар, қоғамдық ұйымдар арқылы да сыбайлас жемқорлықты анықтау жұмыстары жүргізілуде. Біздің орталыққа арнайы тайный покупатель болып, қызметті жүргізіп беруге пара ұсынып, егер сол параны алсаңыздар одан әрі құзырлы органдар қылмыстық, әкімшілік жауапкершілікке тартуы мүмкін.

Осыған орай, қандайда болмасын бейтаныс адамдардың пара беру ұсынысынан бас тартып, басшылыққа ескерту әрбір қызметкерге міндеттелсін. Ақшалай, сыйлықтай т.б. заттарды алудан бас тартыңыздар және қызметкерлер арасында ақша жинау, басшының туған күні және мерекелерде ақшалай бағалы сыйлықтар беруге тиым салынсын. Бұл да сыбайлас жемқорлық сипаттарының бірі ретінде танылады.

*Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша:*

*Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Молдраимова С.Т.:*

"Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 8 қаңтардағы №9 бұйрығына сәйкес, қызметкерлер арасында этика – эстетика әдебі қатаң сақталуға тиіс. Бір бірлеріңізге дауыс көтеріп сөйлеу т.б. жат қылықтар бойларыңыздан көрінбеуі тиіс. Бізді құрметтейтіндей деңгейде болуымыз керек. Сондықтан, өз араларыңызда және білім алушылармен сыпайы қарым – қатынаста болғандарыңыз жөн.

Басқа сұрақтар болған жоқ.

Жоғарыдағылардың негізінде жалпы отырыс

### **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Әрбір қызметкер қызмет барысында этика – эстетика әдебін қатаң сақтауға.
2. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерге барған қызметкерлерге қатаң шара қолданылсын.

**Жиналыс төрайымы**

**Жиналыс хатшысы**



**Ж.А.Калмакова**

**А.О.Танбаева**

«Жеті түрлі ілім білгеннің құлақ тарабасы» –  
«Ғабдиәлімнің мәңгісі мінбелі»  
Қ.К.Толқар

